



Бұйрық

№ 11

Приказ

030906 Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қарасу ауылы, Алашорда № 2 тел: 73-4-89
030906 Актюбинская область, Уилский район, село. Карасу, ул. Алашорда № 2 тел 73-4-89
«21» мамыр 2024 жыл

**2023-2024 жылын аяқтау және 9-сынып білім
алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы**

Ойыл ауданының білім бөлімінің 2024 жылғы 21 мамырдағы №319
бұйрығын негізге ала отырып,

Бұйырамын:

1. Білім беру ұйымындағы оқу сабақтары 2024 жылғы 24 мамырда аяқталсын.
2. Қорытынды аттестаттау белгіленген мерзімге сәйкес өткізілсін.
3. 9-сынып оқушылары үшін бітіру емтихандары -2024 жылғы 29 мамырдан 10 маусым аралығында өткізілсін
- 1 Қазақ тілінен эссе нысанында жазбаша емтихан -29. 05.2024 жыл
- 2 Математика пәні бойынша жазбаша емтихан -3 маусым 2024 жыл
- 3 Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан-06 .06.2024 жыл
Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (Герграфия)-10.06.2024 жыл
- 4 4. Білім алушылардың қорытынды аттестаттауда ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерісімен (өзгерісі 21.10.2020 №453) бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, олардың аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары қатаң басшылыққа алынсын.
Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі оқу ісі орынбасары М.Наубетовке жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:  Л.Аманғалиева

Таныстым  М.Наубетов

Келісемін: 
Ақтөбе облысының білім басқармасы
Ойыл ауданының білім бөлімінің басшысы С.Т.Меруенов
«14» маусым 2024 ж.

Бекітемін: 
Мектеп директоры Л.Ж.Амангалиева
«14» маусым 2024 ж.

«Қарасу негізгі мектебі» КММ бойынша 2023-2024 оқу жылындағы
9-сынып оқушылары қорытынды бітіру емтихандар кестесі (29.05-10.06.2024 жыл)

№	Пән атауы	Күні	Уақыты	Түрі	Жауапты мұғалім	Ассисент
1	Қазақ тілі	29.05.2024	10 ⁰⁰ -12 ⁰⁰	Жазбаша (мақала,әңгіме,эссе)	Мұқышов Б.Қ	Аманқызы Ш Арынғазы Г.Қ.
2	Математика (алгебра)	03.06.2024	10 ⁰⁰ -13 ⁰⁰	Жазбаша (бақылау жұмысы)	Арынғазы Г.Қ	Утемисова Г.Қ Нұрғалиева А.Ж.
3	Орыс тілі	06.06.2024	10 ⁰⁰ -12 ⁰⁰	Жазбаша (мәтінмен жұмыс,мәтін бойынша тапсырмалар орындау)	Аманқызы Ш	Мұқышов Б.Қ Утемисова Г.С
4	География	10.06.2024	14 ⁰⁰ -16 ⁰⁰	Жазбаша	Смайлова І.С	Нұрғалиева А.Ж. Арынғазы Г.Қ

Орындаған: Смайлова І.С.

Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 қазанда № 33501 болып тіркелді

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыт тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыт тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі

Г. Бейсембаев



Бұйрық

№ 5

Приказ

030906 Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қарасу ауылы, Алашорда № 2 тел: 73-4-89
030906 Актобинская область, Уилский район, село. Карасу, ул Алашорда № 2 тел 73-4-89

«31» қаңтар 2024 жыл

**Қорытынды аттестаттауды өткізу
және ұйымдастыру туралы**

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі» қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Оқу –ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 бұйрығы және Ойыл ауданының білім бөлімінің 09.01.2023 жылғы №25 бұйрығын басшылыққа ала отырып,

Бұйырамын:

1. 2023-2024 оқу жылында мектеп бітіретін оқушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін тиісті шараларды ұйымдастыру мақсатында төмендегі құрамда комиссия құрамы бекітілсін:
 - 1.1 Комиссия төрайымы - Л.Амангалиева мектеп директоры
 - 1.2 Комиссия төрағасының орынбасары – І.Смайлова оқу ісі орынбасары
 - 1.3 Комиссия мүшелері: Арынғазы Г.Қ- жаратылыстану бірлестігінің жетекшісі
 - 1.4 .Аймұхамбетова А.А-гуманитарлық бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі
 - 1.5 . Ж.Қалиев -Қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Комиссия мүшелеріне қорытынды аттестаттауды өткізу мәселелері бойынша тиісті ақпараттық жұмыстарын жүргізу, қорытынды аттестаттауды сондай-ақ тестілеуді өткізуге байланысты жұмыстарды ұйымдастыру, апелляцияға түскен ұсыныстардың негізділігін қарау және нақты шешім қабылдау тапсырылсын.
3. Комиссия жұмысына басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



Л.Ж.Амангалиева